

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық
анықтама**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы

№ 12 бұйрығы) сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) объектісі, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ (бұдан әрі – Мектеп) қызметі болып табылады. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы

мектеп-лицейі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2026 жылғы «16» сәуірдегі № 67 бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылған кезең: 2025 жылдың екінші жартыжылдығы – 2026 жылдың бірінші жартыжылдығы.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жою болып табылады.

Талдаудың міндеті: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою болып табылады.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған ақпарат көздері:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер және ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) сот органдарының талдау объектісі, қылмыстық істер фабуласы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты шешімдері;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;
- 12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметкерлерін, жұмыскерлерін сұрастыру (сұхбат) нәтижелері;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер болып табылады.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік база:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы.
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 – VI Заңы.
5. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 08 тамыздағы № 345 Заңы.
6. «Бюджетті атқару және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығы.
7. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңы.
8. «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы.
9. «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: нормативтік құқықтық актілерді талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

Негіздеме: сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

Жою жөніндегі ұсынымдар: Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын тұрақты негізде сақтау.

Ішкі құжаттарда (бұдан әрі – ВНД) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 509 қаулысымен бекітілген, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ жарғысы.
2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ әкімшілігі мен ұжымы арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шарт.
3. «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мен «Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ арасындағы 2024-2029 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы келісім.
4. Негізгі қызмет және жеке құрам бойынша ішкі бұйрықтар/өкімдер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: ішкі құжаттарды талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

Негіздеме: мектептің ішкі құжаттардағы қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

Жоюға ұсынымдар: бұйрықтар/өкімдер шығарған кезде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алу, сондай-ақ білім беру ұйымдарының құжат айналымы саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтау.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, кәмелетке толмағандарға бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беру, білім беру-сауықтыру қызметтері саласындағы білім беру қызметіне «Қазақстан Республикасы Білім министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ-нің 2025 жылғы 17 сәуірдегі № KZ42LAM00001771 лицензия негізінде әрекет етеді, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға қосымша (2025 жылғы 17 сәуірдегі (№KZ42LAM00001771), Қостанай облысының Өділет департаменті берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, қайта тіркеу күні 2022 жылғы 01 желтоқсан, қайта тіркеу орны - Қостанай қаласы. Заңды тұлғаның құрылтайшысы: «Қостанай облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектептің қызметі Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 509 қаулысымен бекітілген мектеп жарғысының негізінде регламенттелген. Жарғыда айқындалған мектептің функциялары нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келеді.

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 2019 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес, мектеп мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 8 түрін жүзеге асырады.

- 1) **«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».**

Мемлекеттік қызмет 2018 жылғы 12 қазандағы №564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес көрсетіледі. Талдау кезеңінде Қостанай облысы бойынша SmartNation College автоматтандырылған деректер базасы және Egov.kz – «Азаматтарға арналған үкімет» электрондық порталы арқылы 90 өтініш қабылданды. Электрондық форматта өтініш берген барлық білім алушыларға оқуға қабылданғаны туралы SMS хабарлама жіберілді. Сонымен қатар, бір оқушының құжаттары қағаз түрінде қабылданды, себебі бала Франциядан келген. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері *болған жоқ*.

- 2) **«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау».**

Мемлекеттік қызмет 2018 жылғы 12 қазандағы №564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес көрсетіледі. Талдау кезеңінде білім алушылардың келуі және кетуі бойынша заңды өкілдердің өтініштері негізінде 72 ауыстыру қызметі көрсетілді. Қызмет SmartNation College

автоматтандырылған деректер базасы арқылы электрондық түрде көрсетілді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері *болған жоқ*.

- 3) «Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау».

Мемлекеттік қызмет 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі. Талдау кезеңінде 3 өтініш берілді. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қостанай облысы бойынша SmartNation College автоматтандырылған деректер базасы және Egov.kz – «Азаматтарға арналған үкімет» электрондық порталы арқылы жүзеге асырылады. Өтініш берушілер толық құжаттар пакетін ұсынды,

мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болған жоқ. Өтініш берушілерге білім беру ұйымына қабылдау және оқуға қабылданғаны туралы хабарлама берілді.

- 4) «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және отбасыларда тұратын балаларға,

қиын өмірлік жағдайға тап болған, шұғыл көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыттары және есепке алу қағидаларына сәйкес көрсетіледі. Талдау кезеңінде растайтын құжаттар пакетімен 41 өтініш берілді. Қостанай облысы бойынша Egov.kz – «Азаматтарға арналған үкімет» электрондық порталы (APM), SmartNation College автоматтандырылған деректер базасы арқылы 41 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну туралы SMS хабарламалар жіберілді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері *болған жоқ*.

- 5) «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалу үшін құжаттарды қабылдау және жолдамалар беру»

Мемлекеттік қызмет «Мемлекеттік мекемелердің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс ұсынуға құжаттарды қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі. Талдау кезеңінде растайтын құжаттар пакетімен 10 өтініш берілді. SmartNation College автоматтандырылған деректер базасы арқылы 10 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік мекемелердің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс ұсыну және жолдама беру туралы

SMS хабарламалар жіберілді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері *болған жоқ*.

- 6) «Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы. Телнұсқа».

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №172 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Қостанай облысы бойынша Egov.kz – «Азаматтарға арналған үкімет» электрондық порталы арқылы 6 өтініш берілді. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша нақты үдерістер бекітілген Қағидаларға сәйкес келеді,

өтініш берушілерден көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ. Талдау кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту фактілері *болған жоқ*.

7) «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау».

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №219 «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі. Барлығы 89 өтініш қабылданды, қызмет қағаз түрінде көрсетілді. Өтініш берушілерден көзделмеген құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ. Талдау кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту фактілері *болған жоқ*.

8) «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу құжаттарын қабылдау».

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес көрсетіледі. Осы кезеңде электрондық түрде 23 қызмет көрсетілді: 2026 жылы Қостанай облысы бойынша Egov.kz – «Азаматтарға арналған үкімет» электрондық порталы арқылы – 4 қызмет, 2025 жылы педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының «Ұстаз» ұлттық платформасы арқылы – 19 өтініш қабылданды. Талдау кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту фактілері *болған жоқ*.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мемлекеттік қызмет көрсету саласына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша қағаз түрінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды: «Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» және «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау». Аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі қызмет алушылардың мүдделерін қолдауға (лоббилеуге) алып келуі мүмкін.

Негіздеме: Мемлекеттік қызметтер азаматтар үшін тиімділікті, қолжетімділікті және жайлылықты арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін электрондық форматта көрсетіледі. Бұл қызметтерді алу уақыты мен шығындарын қысқартуға, сондай-ақ процедураны жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Жоюға ұсынымдар: сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен құқық бұзушылықтарды болдырмау, қағаз құжат айналымын қысқарту, тікелей байланыстарды азайту мақсатында барлық мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсету, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының жұмысында консультантты бекіту қажет.

2.2. Кадр саясаты

Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Талдау кезеңінде Школаның штаттық саны 156 адамды құрайды, оның ішінде 9 адам жүктілік және босану бойынша демалыста, 1 адам 0,75 мөлшерлеме бойынша, 7 адам 0,5 мөлшерлеме бойынша және 9 адам 0,25 мөлшерлеме бойынша жұмыс істейді (ішкі қоса атқару тәртібімен жұмыс істейтін қызметкерлер). Талдау жүргізу кезеңінде мектеп толық жинақталған. Мектеп қызметкерлері арасынан лауазымын төмендету фактілері анықталған жоқ. Мектепте бос жұмыс орындары туралы ақпараттың ашықтығы «Еңбек» порталында

қамтамасыз етіледі, сондай-ақ Жітіқара ауданының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-не

міндетті түрде жазбаша өтінім жолданады. Әлеуметтік желілерде жариялау тұрақты түрде жүргізіледі. Жұмысқа қабылдау кезінде кейбір лауазымдар бойынша конкурс рәсімі қарастырылған. Әкімшілік-техникалық персонал бойынша бос жұмыс орындары бар (ағаш ұстасы, слесарь, ғимаратқа қызмет көрсету жұмысшысы, аға тәлімгер, жабдық бойынша инженер).

Жабдық бойынша инженер лауазымы негізгі лауазымнан босатусыз бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша маман лауазымын атқаратын қызметкерге жүктелген.

Талдау кезеңінде өз еркімен 23 қызметкер жұмыстан шығарылды. 24 қызметкер жұмысқа қабылданды, оның ішінде 11 педагог конкурстық негізде қабылданды. Барлық педагог-үміткерлер құжаттарын hr-nobd.edu.kz ақпараттық базасы арқылы тапсырды және комиссия мүшелері тарапынан қаралды.

Мектепке азаматтық қызметке орналасу кезінде тұлғалар міндетті түрде соттылықтың бар немесе жоқ екендігі туралы, сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны туралы мәліметтердің

бар-жоғы жөніндегі анықтаманы, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу карточкаларынан және оларды жасаған тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну талап етіледі. Жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу карточкаларынан және оларды жасаған тұлғалар туралы мәліметтерді ұсыну арқылы қабылданды.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында олардың лауазымдық құқықтары мен міндеттері толық көрсетілген, қызметкерлер міндеттерінің қайталану фактілері жоқ.

Мекеме қызметкерлеріне демалыс беру бекітілген кестеге сәйкес және еңбек заңнамасына қатаң түрде сай жүзеге асырылады. Мектептің азаматтық қызметшілеріне кезекті еңбек демалысына шыққан кезде лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленді. Жәрдемақының белгіленген мөлшерден артық төленуі, сондай-ақ бір жыл ішінде бір реттен артық төленуі фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: персоналды басқару саласына жүргізілген талдау нәтижесі бойынша 1 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды, ол 1,5 мөлшерлемеден асатын жүктемемен лауазымдық міндеттерді жүктеумен байланысты.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 111-бабы 2-тармағына сәйкес қызметкерлерге қосымша жұмыстар қосымша лауазымдарды қоса атқару арқылы (қызметкердің негізгі еңбек шартымен (лауазымдық нұсқаулықпен) көзделген негізгі жұмысына қоса басқа бос лауазым бойынша қосымша жұмысты орындауы) немесе қызмет көрсету аймақтарын кеңейту арқылы (қызметкердің негізгі еңбек шартымен көзделген негізгі жұмысына қоса

жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығы шегінде қосымша жұмысты орындауы) жүзеге асырылуы мүмкін. 0,5 мөлшерлемедегі бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі маман лауазымы 3 айдан астам уақыт бойы бос тұр. Еңбек кодексінің 111-бабы 3-тармағына сәйкес уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін қоса атқарғаны үшін қосымша ақы мөлшері жұмыс көлеміне қарай жұмыс беруші мен қызметкердің келісімі бойынша белгіленеді және лауазымдық жалақының 50%-ынан аспайды. Алайда, аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі жұмысқа қабылдау кезінде мүдделерді лоббилеуге алып келуі мүмкін.

Ұсыныстарды жою бойынша: бар бос жұмыс орындары туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Еңбек» порталында бос лауазымдарды ай сайын жаңартып отыру қажет, сондай-ақ Жітіқара ауданының «Халықты жұмыспен қамту орталығы»

КММ-не міндетті түрде жазбаша өтінім беру арқылы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты жолдау қажет.

Тәртіптік практика

Талдау кезеңінде тәртіптік жаза 6 рет қолданылды. Қызметкерлермен функционалдық міндеттерді сақтау бойынша алдын алу-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Талдау кезеңінде мектеп қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілікке тартылу фактілері анықталған жоқ. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (мемлекеттік қызметшілердің, азаматтық қызметшілердің, педагогтердің қызметтік әдеп қағидалары) қызметкерлер тарапынан бұзылған жоқ. Еңбек тәртібін бұзу фактілері тіркелген жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс ақпарат жарияланған жоқ.

Мүдделер қақтығысы

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, қабылданған қызметкерлердің басшылықпен аффилирленгендігі (тәуелді байланысы) туралы деректер жоқ. Жақын туыстардың бірлесіп жұмыс істеу фактісі анықталды. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлер арасында мүдделер қақтығысы фактілері тіркелген жоқ.

Талдау қорытындысы бойынша тікелей бағыныста емес қызметкерлер арасында жақын туыстықтың 4 фактісі анықталды, бұл осы талдау қосымшасында көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мүдделер қақтығысын реттеу саласына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталған жоқ.

Негіздеме: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар өздерінің жақын туыстары,

жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағыныста болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ өздерінің тікелей бағынысында жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының болуына жол берілмейді.

Ұсыныстарды жою бойынша: қызметкерді жақын туыстарымен тікелей бағыныстылықты болдырмайтын лауазымға ауыстыруға жол бермеу қажет, ал ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, аталған факт анықталған сәттен бастап 3 айдан кешіктірмей қызметкер лауазымынан босатылуға жатады. Жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын сақтау және туыстық байланысы бар қызметкерлердің мүдделерін лоббилеуді болдырмау қажет. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін жоспарлауға Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шараларды енгізу қажет. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қызметкерлермен тоқсан сайын оқыту семинарлары мен тренингтер өткізу қажет.

Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау
2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы. Құжаттаманы есепке алу.

Қостанай облысы Жітіқара ауданы білім бөлімінің «Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ-де 2024–2027 жылдарға арналған №01-47 істер номенклатурасы Қостанай облысы әкімдігі цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Мемлекеттік архив» КММ, «Жітіқара аудандық мемлекеттік архиві» тарапынан 2024 жылғы 24 қаңтардағы №1 келісіммен бекітілген. Мектептің ішкі құжаттамасын есепке алу, кіріс/шығыс хат-

хабарлармен жұмыс жүргізу ісі мектептің іс жүргізушісі Бигалиева Т.К.-ға жүктелген. Кіріс және шығыс

хат-хабарларды тіркеу қолмен, қағаз түрінде жүзеге асырылады. Бұйрықтар күнтізбелік жыл шегінде реттік нөмірлеу арқылы нөмірленеді. Құжат айналымы қағаз түрінде жүргізіледі, мектеп электрондық құжат айналымы жүйесіне қосылмаған. Бұйрықтар арнайы бланктерде ресімделмейді. Мемлекеттік сатып алулар саласындағы құжат айналымы электрондық түрде жүргізіледі,

шот-фактуралар мен орындалған жұмыстар актілері тек электрондық форматта ресімделеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: аталған саланы талдау қорытындысы бойынша бір сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды, ол Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттаманы ресімдеу, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына» сәйкес бекітілген құжат бланкілерінде бұйрықтардың ресімделмеуімен байланысты.

Негіздеме: Құжаттаманы ресімдеу қағидаларының 2-бөлімінің 8-тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатты ресімдеу кезінде құжат бланкілері қолданылады. Құжат бланкілеріндегі деректемелер Құжаттаманы ресімдеу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес құжат деректемелерін орналастыру сызбасына сай белгілі бір тәртіппен орналастырылады. Аталған Қағидалар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген.

Ұсыныстарды жою бойынша: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген құжат бланкілерін сатып алуды

мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізу көзделсін.

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Мектепте жеке және заңды тұлғалардың өтініштері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы №820 қаулысымен бекітілген «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес жүзеге асырылады.

Талдау кезеңінде «Е-Өтініш» электрондық порталы арқылы 19 өтініш түсті, олардың ішінде: мемлекеттік сатып алулар бойынша спорттық киім (баскетбол формасы), ақпараттық қызметтер, жарықтандыру жабдықтары, су ағызу бақтарының арматурасы бойынша 5 өтініш; емделуге көмек көрсету туралы, «Ана мен бала денсаулығын қорғау» санаты бойынша 1 өтініш; мектеп педагогикалық құрамына біліктілікті арттыру рәсімінен өту бойынша коммерциялық ұсыныс түріндегі 4 өтініш; педагогтер мен оқушыларға арналған ақылы конкурстар мен олимпиадалар өткізу туралы 6 өтініш түсті. Қалған өтініштер зейнетақы жинақтары туралы ақпарат беру бойынша

1 өтініш, қоғам қайраткері мен журналисттен мектептің жалпы деректері мен саяси партиялар қызметіне қатысты ақпарат сұратқан 2 өтініш болды. Барлық өтініштер қаралып, жауаптар белгіленген мерзімде берілді. Бұл жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналындағы орындалу жазбаларымен расталады. Өтініштерді қарау мерзімін бұзу фактілері анықталған жоқ. Мектеп қызметкерлеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: аталған саланы талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныстарды жою бойынша: жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақтылы тіркеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде мазмұнды және негізделген жауап беру қажет.

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Бюджеттік қаражаттың жұмсалуды туралы ақпарат «Ашық бюджеттер» порталында жарияланады, бұл қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік сатып алу жоспарлары мен бюджет қаражатының игерілуі туралы мәліметтер мектептің мемлекеттік сатып алулар порталында орналастырылған. Мектеп қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және ақпараттық технологияларды белсенді пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамын Мектеп қызметі туралы объективті ақпараттандыру жүзеге асырылады. Ақпараттық қолдау көрсету және ашық диалог орнату мақсатында барлық әлеуметтік желілерде жалпы саны 687 жазылушысы бар парақшалар жұмыс істейді (Instagram – 597, Facebook – 90). Сонымен қатар, мектепте <https://school-licei.edu.kz/ru/sh-le> веб-сайты бар, ол келесі бөлімдерден тұрады:

«Мектеп туралы» (ішкі бөлімдері: мектеп әкімшілігі, мектеп жарғысы, мектеп қызметі, ақпараттық қауіпсіздік)

Мемлекеттік қызметтер (1-сыныпқа қабылдау); Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (сыбайлас жемқорлық картограммасы); Нормативтік құжаттар; Виртуалды кітапхана; Қамқоршылық кеңес; Мемлекеттік рәміздер; Психологиялық қызмет; Мектептегі тамақтандыру; Мәзір; Кәсіби бағдар беру жұмысы; Оқу үдерісі; Ата-аналарға; Байланыстар; Тәрбиелік жұмыс (үйірмелер, секциялар); Бос жұмыс орындары.

Әлеуметтік желілер мен мектеп сайты қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 2 сәуірдегі №114/НҚ «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығының талаптарын бұзу фактілері *анықталған жоқ*.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады, мектеп қызметі туралы барлық ақпарат ашық қолжетімділікте орналастырылған.

Ұсыныстарды жою бойынша: Мектептің ресми сайтында штаттық саны және қызметкерлердің тарификациялық тізімі туралы ақпаратты ашық қолжетімді түрде орналастыру қажет.

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторингтің нәтижелері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мектеппен немесе үшінші тарап ұйымдарымен жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген жоқ.

Негіздеме: осы бөлім бойынша белгіленген мерзімдерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілмеген.

Ұсыныстарды жою бойынша: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қажет.

2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ бақылау және рұқсат беру функциялары берілмеген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген жоқ.

Негіздеме: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілмеген, себебі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Жітіқара ауданы білім бөлімінің

«Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ бақылау және рұқсат беру функцияларымен өкілеттендірілмеген.

Ұсыныстарды жою бойынша: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қажет.

2.8. Сот практикасын талдау

Талдау кезеңінде Мектеп талапкер ретінде 2 рет қатысқан. Мектеп атынан өкіл ретінде мемлекеттік сатып алу менеджері 2026 жылғы 15 сәуірдегі №1 сенімхат негізінде қатысқан. 2026 жылғы 23 сәуірде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және оны жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу туралы 1 талап-арыз берілген, 1 талап-арыз жеткізушінің міндеттемелерді орындауына байланысты кері қайтарылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: талдау кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8 және 14-баптарына сәйкес әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер анық емес ақпарат ұсынған, не өздеріне жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, олар осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енгізіледі.

Ұсыныстарды жою бойынша: мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, оның ішінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңды басшылыққа алу қажет.

2.9. Қадағалау органдарын тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Талдау кезеңінде Мектепке қатысты Қостанай облысы әкімдігінің Еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы мемлекеттік мекемесі тарапынан тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижесінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы, 113-бабы 4-тармағы және 138-бабында белгіленген талаптардың бұзылуына байланысты №9302 2025 жылғы 20.11. түзету туралы ұйғарым жасалды. Аталған бұзушылық жұмыстан босатылған қызметкерлерге еңбекақының уақтылы төленбеуінен көрініс тапқан.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: аталған саланы талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 113-бабына сәйкес жұмыстан босатылған қызметкерлерге еңбекақы уақтылы төленбеген, мерзімін өткізіп алған күндер үшін өсімпұл (айыппұл) есептеліп төленген.

Ұсыныстарды жою бойынша: қызметкерлерге еңбекақыны және жұмыстан босату кезіндегі өтемақыларды уақтылы төлеуді қамтамасыз ету қажет.

2.10. Фискалдық органдардың тексеру нәтижелері туралы мәліметтер

Талдау кезеңінде Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер комитетінің Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер департаментінің Жітіқара ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан фискалдық тексеру жүргізілді. Тексеру барысында салықтық міндеттемелердің уақтылы және толық көлемде орындалуы мәселесі бойынша талдау жүргізілді. Нәтижесінде салық агенті тарапынан бюджетке аударылуға жататын ұсталған салық сомаларын уақтылы немесе толық аудармау түріндегі әкімшілік құқық бұзушылық фактісі анықталды. Фискалдық орган тарапынан 2026 жылғы 04.05. №263944150000275 хабарлама беріліп, әкімшілік айыппұл салынды. Бұзушылықтар жойылып, айыппұл белгіленген мерзімде төленді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: аталған саланы талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 13-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес салық төлеуші салық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға міндетті.

Ұсыныстарды жою бойынша: Қазақстан Республикасының Салық кодексінің талаптарын, оның ішінде салық міндеттемелерін уақтылы орындау бөлігінде сақтау қажет. Әкімшілік құқық бұзушылық фактілеріне жол бермеу қажет.

2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

Мектепке қатысты құқық қорғау органдарынан, үкіметтік емес ұйымдардан және азаматтардан қандай да бір хабарламалар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: осы бөлім бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: Мектепке қатысты құқық қорғау органдарынан, үкіметтік емес ұйымдардан және азаматтардан қандай да бір мәліметтер түспеген.

Ұсыныстарды жою бойынша: құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптары шеңберінде уақтылы әрекет ету қажет.

2.12. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі

Есепті кезеңде жүргізілген мониторинг нәтижесінде Мектепке қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында және өзге де ақпарат көздерінде теріс жарияланымдар анықталған жоқ. Есепті кезең ішінде мектептің қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жарияланып, Абай атындағы мектеп-лицейдің оң тәжірибесі туралы материалдар жарияланып отырды.

Білім беру ұйымының ресми сайтында арнайы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі (<https://school-licei.edu.kz/ru/pr-tiv-dejstvii-rruptsii>), құрылған, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар, нормативтік-құқықтық актілер, жұмыс жоспарлары және есептілік туралы ақпарат орналастырылады. Сонымен қатар, мектеп ағымдағы қызмет туралы ақпаратты, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды тарату үшін Instagram және Facebook әлеуметтік желілерін белсенді түрде пайдаланады. Ақпарат негізінен оң және бейтарап сипатта болып табылады. Есепті кезеңде мектептің немесе оның қызметкерлерінің қызметіне қатысты сын немесе теріс жарияланымдар анықталған жоқ. Еске алыну жиілігі: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартушылық және педагогикалық ұжымның қоғамдық маңызы бар қызметі аясында айына кемінде бір рет.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: осы бөлімді талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

Негіздеме: ықтимал тәуекел ақпараттық жұмыстың формалды жүргізілуімен байланысты болуы мүмкін, егер халық тарапынан кері байланысты талдау жүргізілмесе және мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларын жариялау бойынша ашық ақпараттық кеңістіктегі белсенділігі жеткіліксіз болса. Қоғамдық ашықтық деңгейі төмендеген немесе БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға мониторинг жеткіліксіз болған жағдайда, мектеп қызметі туралы қоғамдық пікірдің бұрмалануы мүмкін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың формалды сипат алуы ықтимал, бұл профилактикалық бағыттың тиімділігін төмендетеді.

Ұсыныстарды жою бойынша: ақпараттық кеңістікте бұқаралық ақпарат құралдары мен өзге де ақпарат көздеріне мониторинг жүргізуге жауапты тұлғаны тағайындау қажет. Мектеп қызметіне қатысты қоғамдық қабылдауды бағалау (пікірлерді, өтініштерді, жарияланымдарды талдау) жүргізу қажет. Қажет болған жағдайда ықтимал теріс сипаттағы жарияланымдарға жедел түрде ресми түсіндірмелер немесе жауаптар орналастыру қажет.

2.13. Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу

Бюджет пен қаржылық қаражаттарды бекіту Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының» мемлекеттік мекемесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Қаржылық қаражаттарды игеру және бөлу мектептің қаржыландыру жоспарына сәйкес жүргізіледі. Қызметкерлерге төленетін еңбекақы мөлшері штаттық кестеге сәйкес белгіленген. Мектеп ақылы қызметтер көрсетпейді. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыру және мәмілелер жасау фактілері анықталған жоқ. Іссапар шығындары бойынша негізсіз төлемдер анықталған жоқ. Мектепте аудит жүргізілген жоқ. Талдау қорытындысы бойынша 1 қызметкерге еңбек демалысында болған кезеңде еңбекақыны заңсыз төлеу фактісі, сондай-ақ 2 қызметкерге корпоративтік шотқа іссапар шығындарын аудару фактілері анықталды. Сонымен қатар, 2 оқушының ата-анасына отбасының мәртебесін растайтын құжаттарсыз материалдық көмек төленген. Қаражат бір ай ішінде жеке тұлғалар тарапынан мектептің деректемелеріне аудару арқылы бюджетке қайтарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: осы салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдері фактілері анықталды.

Негіздеме: талдау қорытындысына сәйкес мектеп қызметкеріне кезекті еңбек демалысы кезеңінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс ақысы уақтылы төленген, алайда осы қызметкерге еңбекақы корпоративтік мектеп шотына да аударылған. 1 қызметкерге іссапар шығындары корпоративтік мектеп шотына аударылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 127-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджет қаражаты есебінен іссапар шығындарын өтеу қағидаларын бекіту туралы қаулысына сәйкес 1 қызметкерге іссапар шығындары уақтылы төленгенімен, қызметкер отбасылық қайғылы жағдайларға байланысты іссапарға бара алмаған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек көрсету үшін бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидаларына» сәйкес, ата-аналар/заңды өкілдер отбасының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынады.

Қызметкерлер мен ата-аналардың ақшалай қаражатты қайтаруға келісімі бар. Бас бухгалтер мен әлеуметтік педагог өздерінің функционалдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Ұсыныстарды жою бойынша: қызметкерлер мен білім алушылардың ата-аналарына негізсіз ақшалай төлемдерді болдырмау, сондай-ақ бюджет қаражатын игеру мен жұмсауға бақылауды күшейту қажет.

Қорытынды. Жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижесі бойынша келесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

1. Мемлекеттік қызметтерді көрсету саласы – қағаз документооборотын қысқарту, қызмет алушылармен тікелей қарым-қатынасты минимизациялау.

2. Кадрлық басқару саласы – бар вакансияны ай сайын жаңартып отыру, осылайша «Еңбек» порталында бос орындар туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету, Жігітара ауданы КММ «Халықты жұмыспен қамту орталығына» міндетті түрде жазбаша өтініш беру.

3. Процестерді цифрландыру. Документооборот. Құжаттаманы есепке алу – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген құжат бланктарын мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізуді қамтамасыз ету.


4. Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу – қызметкерлерге негізсіз ақшалай төлемдерді болдырмау, бюджет қаражатын игеру мен жұмсауға бақылауды күшейту.

Жұмыс тобының жетекшісі:  С. Баймурзина

Жұмыс тобының мүшелері:

 В. Аксенова


 А. Сейтенова

 Л. Жултаева

 Г. Храпунова

 Н. Шакирзянова

 О. Франюк

 Д. Тулекова

 А. Галинаскарлова

«Жітіқара ауданы білім бөлімінің
Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жүргізілген ішкі талдау бойынша
анықтамаға қосымша

№	ТАӘ	ЛАУАЗЫМЫ	ТУЫСТЫҚ ТҮРІ	ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНУ (ИӘ/ЖОҚ)	КІМ ТАҒАЙЫНДАДЫ
1	БЕКЕНОВА РАУЗА БУТАРОВНА	ОРЫС ТІЛІ МҰҒАЛІМІ	АНАСЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
	БЕКЕНОВ АНУАР КЫКПАЕВИЧ	ТАРИХ МҰҒАЛІМІ	ҰЛЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
2	ФРАНИОК ОЛЬГА ГЕННАДЬЕВНА	ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ	ЖҰБАЙЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
	ФРАНИОК ВИТАЛИЙ ГЕННАДЬЕВИЧ	ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГЫ	ЖҰБАЙЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
3	СНИТКО АНДРЕЙ НИКОЛАЕВИЧ	ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІ	ЖҰБАЙЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
	МОЗЕР ЭЛИНА ВИТАЛЬЕВНА	МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІ	ЖҰБАЙЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
4	ЖАНАКАЕВ АМАНГЕЛЬДЫ ЛАЙКОВИЧ	КҮЗЕТШІ	ӘКЕСІ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ
	ЖАНАКАЕВ ЕРКЕБУЛАН АМАНГЕЛЬДИНОВИЧ	БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ИНЖЕНЕРІ	ҰЛЫ	ЖОҚ	МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жітіқара ауданы білім бөлімінің Абай атындағы мектеп-лицейі» КММ
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша
айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған
лауазымдардың тізбесі**

р/с №	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелі
1	Мектеп директоры	Персоналды іріктеу және орналастыруды жүзеге асырады, штаттық кестені, тарификациялық тізімді және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекітеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен қаражатын басқарады. Қаржыландыру жоспарының өзгеруін, спецификалар бойынша жылдық сомалардың өзгеруін, бюджет қаражатының қасалық атқарылуын бақылауды жүзеге асырады.	Лауазымды адамның немесе оның туыстарының материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға немесе өзге де жеке мүдделеріне байланысты жеке мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану.
2	Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары	Оқу процесін ұйымдастыру, сабақ кестесін құру, педагогикалық жүктемені бөлу. Жұмыс уақытын есепке алу табелін жүргізу	Лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдаланумен және асыра пайдаланумен байланысты тәуекелдер, жеке тұлғалардың мүдделеріне артықшылық беру, лобби жасау мүмкіндігі.
3	Бас бухгалтер, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, бухгалтер	Бухгалтерлік есеп. Жиынтық есептерді дайындауды қамтамасыз етеді. Жалақы, салықтар, сондай-ақ жеткізушілерге төлемдер бойынша есеп айырысулардың жасалуын бақылау. Шарттар жасасу, шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын одан әрі қадағалау. Бюджеттен бөлінген қаражаттың толықтығы мен уақтылы пайдаланылуын бақылау.	Бюджет қаражатын ұрлау мүмкіндігі, артық қаражатты негізсіз аудару. Талап арыздардың берілмеуі, талап қою талаптарының толық болмауы, жеке тұлғалар мен өнім берушілердің мүдделерін лоббилеу
4	Директордың ӨШБ жөніндегі орынбасары	Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қабылдау. Жабдыктар мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады	Сапасыз тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдау, мектеп мүлкін ысырап ету
5	Мемлекеттік қызмет көрсететін маман	Мемлекеттік қызметтер және олардың белгілері бар қызметтер көрсету	Ресми негіздер бойынша өтініштерді қабылдамау, көзделмеген құжаттарды талап ету, құжаттар топтамасы толық болмаған кезде қызметті заңсыз көрсету мүмкіндігі.
6	Кадр қызметі жөніндегі маман	Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау рәсімдерін ұйымдастыру, ізденушілерге қойылатын талаптарды және конкурстық мәселелерді жасау	Мүдделерді лоббилеу, атап айтқанда конкурстық талаптарды «түзету» және белгілі бір ізденушілерге конкурстық мәселелер ұсыну мүмкіндігі. Белгілі бір өтініш берушілерге артықшылық беру мүмкіндігі.